

Тауардың шығу тегін растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2010 жылғы 17 қарашадағы № 388 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылы 13 желтоқсанда № 6673 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2011 жылғы 2 желтоқсандағы № 441 Бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2011.12.02 № 441 Бұйрығымен.

«Сауда-өнеркәсіп палаталары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-1-бабы 2-тармағы 3) тармақшаға сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған тауардың шығу тегін растайтын құжаттардың тізбесі б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті заңнамада белгіленген т ә р т і п т е :

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін ;

2) мемлекеттік тіркеуден кейін бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Н.К. Әбдібековке жүктелсін.

4. Осы бұйрық бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы *А. Рау*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
И н д у с т р и я ж әне ж аң а т е х н о л о г и я л а р
м и н и с т р і н ің м і н д е т і н а т қ а р у ш ы н ы ң
2 0 1 0 ж ылғы 1 7 қ а р а ш а д а ғы № 3 8 8
бұйрығымен бекітілген

Тауардың шығу тегін растайтын құжаттардың тізбесі

1. Құқықтық мәртебесін растайтын құжаттар:
жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі (салыстырып тексеру үшін

түпнұсқа ұсынылмаған жағдайда куәландырған көшірме) – жеке тұлғалар үшін;
заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) куәлігі және жарғысының көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқа ұсынылмаған жағдайда куәландырған көшірме) – заңды тұлғалар үшін; жеке кәсіпкердің заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеу куәлігінің көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқа ұсынылмаған жағдайда куәландырған көшірме) – жеке кәсіпкерлер үшін.

2. Сыртқы сауда келісім-шартының (шарттың) түпнұсқасы мен көшірмесі.

3. Тауардың толығымен Қазақстанда шығарылғаны туралы растайтын құжаттардың түпнұсқасы мен көшірмесі (тауарды өндірушімен және тауарды алу туралы келісім, шикізатты өнімдеу және жасау құқығы бар құжат, тауарды алыс-беріс туралы құжаттары).

4. Қызмет түріне берілетін лицензияның түпнұсқасы мен көшірмесі.

5. Тауарды жеткілікті дәрежеде қайта өңдеу өлшемдерін айқындауға арналған құжаттардың түпнұсқасы мен көшірмесі (тауардың өндіруінде қолданылатын шикізат пен құрауыштарға келісімдер мен төлемді құжаттар, техникалық процесстің қысқаша сипаттамасы, нормативтік құжаттар, шетелде шығарылған пайдаланылатын шикізат немесе құрауыш бағасын ескере отырып тауардың өзіндік құн есебінің шығын калькуляциясы, сонымен қатар көліктік және басқа жүк құжаттары).

6. Егер тауар жануарлардан алынған, өзен және теңіз кәсіпшілігінен шыққан болса, ветеринариялық сертификаттың түпнұсқасы мен көшірмесі.

7. Қоймадағы тауардың бар екендігі және мөлшері туралы қойманың мекен-жайы көрсетілген қоймалық анықтаманың түпнұсқасы мен көшірмесі (қажет кезінде).

8. Жеміс-көкөніс өнімдері үшін: тауар өндірушімен жасалған шарттың түпнұсқасын немесе нотариалды куәландырылған көшірмесін міндетті түрде ұсынумен, өтініш берілген өнім легінің көрсетілген аумақта өсірілгені туралы Қазақстан Республикасының тиісті аумақтық бірлігінің жергілікті атқарушы органының растау анықтамасының түпнұсқасы мен көшірмесі және өнімді өндірушімен жасалған шарт, тауарды сатып алу шарты.

9. Қазақстан Республикасынан тауарды кері экспорттау кезінде: тауарды алу туралы құжаттар (келісім, шот-фактура), Қазақстан Республикасының территориясына тауарды жеткізуді растайтын құжаттар (кедендік жүк декларациясы, тауардың шығу тегі туралы сертификатт).

Ескертпе: Құжаттардың түпнұсқалары оларды көшірмелерімен салыстырып тексергеннен кейін өтініш берушіге қайтарылады.

